

# АПТАЛЫҚ ШОЛУ

2026 жылғы  
14 - 18 қыркүйек



## Аптаның негізгі тақырыптары:

01

Қысқаша түйін  
Нарықтағы негізгі көрсеткіштер

02

Аптаның негізгі оқиғалары:  
Акция  
Облигация  
ФРЖ және АҚШ экономикасы  
Шикізат тауарлары және валюталар  
Аймақтық көрініс

03

Апта тақырыбы: мөлшерлемелерді көтеру және  
ЖИ-ға салынатын инвестицияны қаржыландыру  
Алдағы апта  
Қорытынды

Америкалық нарық аптаны әртүрлі динамикамен аяқтады: S&P 500 0,08%-ға төмендеді, Dow Jones 1,69%-ды жоғалтты, ал NASDAQ 0,72%-ға өсті. MSCI World 0,33% қосты, MSCI Emerging Markets 3,27%-ға төмендеді, ал KASE 0,23% жоғалтты.

---

ФРЖ 2023 жылдан бері алғаш рет мөлшерлеменің нысаналы диапазонын 25 б.т., 3,75-4,00%-ға жеткізді. Жаңартылған болжамда FOMC-тің 18 қатысушысының 16-сы 2026 жылдың соңына дейін мөлшерлемені кемінде тағы 25 б.т. көтеруді күтеді. Жапония Банкі де мөлшерлемені 25 б.т. – 1,25%-ға дейін көтерді, ал Англия Банкі мөлшерлемені 3,75% деңгейінде сақтап қалды.

---

Нарық үшін басты тәуекел энергия болды. Brent маркалы мұнайдың бағасы бір аптада 27,92%-ға өсіп, бір баррель үшін \$137,62 болды, бұл инфляцияның қайта жеделдеуі және жоғары мөлшерлемелер кезеңінің ұзаққа созылуына қатысты алаңдаушылықты күшейтті.

---

Борыштық нарықта UST 10Y кірістілігі 3 б.т. – 5,00% дейін өсті, ал UST 30Y 3 б.т. – 5,33%-ға дейін төмендеді. Ұлыбританияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 5 б.т. – 5,29%ға дейін төмендеді. Германияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 2 б.т. – 3,52%-ға дейін өсті.

---

Доллар нығайды: DXY индексі 1,11%-ға өсіп, 100,22 болды. Бұл ретте USD/KZT бағамы 0,85%-ға төмендеп, 446,78 теңгеге жетті, бұл теңгенің нығайғанын білдіреді, ал USD/JPY бағамы 2,16%-ға өсіп, 156,86 теңге болды.

---

**Аптаның негізгі сигналы:** ФРЖ 2023 жылдан бері алғаш рет мөлшерлемені 25 б.т. көтерді, Жапония Банкі де ақша-кредит саясатын қатаңдатты, ал мұнай бағасының күрт өсуі инфляциялық тәуекелдерді және борыштық нарыққа қысымды күшейтті.

---

| Индекс        | Деңгей   | Бір аптада | Жыл басынан |
|---------------|----------|------------|-------------|
| S&P 500       | 7 651    | -0,08%     | +11,55%     |
| Dow Jones     | 51 683   | -1,69%     | +6,82%      |
| NASDAQ        | 26 523   | +0,72%     | +14,15%     |
| Euro Stoxx 50 | 6 236    | -1,41%     | +6,59%      |
| FTSE 100      | 10 659   | +0,08%     | +7,11%      |
| Nikkei 225    | 65 019   | +1,57%     | +29,16%     |
| Hang Seng     | 24 751   | -0,22%     | -6,03%      |
| CSI 300       | 4 507    | -0,06%     | -2,65%      |
| Bovespa       | 185 229  | -1,06%     | +15,38%     |
| KASE          | 7 856    | -0,23%     | +11,72%     |
| MSCI World    | 4 922    | +0,33%     | +11,10%     |
| MSCI EM       | 1 688    | -3,27%     | +20,19%     |
| Brent мұнайы  | \$137,62 | +27,92%    | +123,85%    |
| DXY           | 100,22   | +1,11%     | +1,83%      |
| USD/KZT       | 446,78   | -0,85%     | -11,95%     |

## Акция

Қор нарықтары аптаны бірыңғай бағытсыз аяқтады. АҚШ-та өсім технологиялық сегментте шоғырландырылды: NASDAQ 0,72% қосты, ал S&P 500 0,08%-ға төмендеді, ал Dow Jones 1,69% жоғалтты. Мұндай динамика мөлшерлемелердің жоғарылауы және жасанды интеллект инфрақұрылымына деген сұраныстың сақталуы аясында ірі технологиялық компаниялардың салыстырмалы тұрақтылығын көрсетеді.

АҚШ-тан тысқары жерде көрініс аралас болды. Nikkei 225 индексі 1,57%-ға өсті, ал Euro Stoxx 50 1,41%-ға, MSCI Emerging Markets 3,27%-ға, Borsa Istanbul 8,18%-ға төмендеді. KASE 0,23%-ға төмендеді.

## Облигация

ФРЖ шешімінен кейін АҚШ-тың кірістілік қисығы біршама тегіс болды. UST 10Y кірістілігі 4,97%-дан 5,00%-ға дейін көтерілді, ал UST 30Y кірістілігі 5,36%-дан 5,33%-ға дейін төмендеді. Ұлыбританияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 5,29%-ға дейін төмендеді, Германияның 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 3,52%-ға дейін өсті, ал Қытайдың 10 жылдық облигацияларының кірістілігі 1,66%-ға дейін төмендеді.

Корпоративтік облигациялар нарығында тәуекел үшін сыйлықақы тұрақты деңгейде қалды. АҚШ-тың инвестициялық деңгейдегі облигацияларының спреді 115,4 б.т. деңгейінде, ал жоғары кірісті облигациялардың спреді 301,9 б.т. деңгейінде сақталды, Дамушы нарықтардың долларлық облигацияларының спреді де өзгермей, 175,6 б.т. құрады, Бұл мұнай бағасының күрт өсуі мен мөлшерлемелердің көтерілуі әзірге кредиттік қабылдаудың едәуір нашарлауына алып келмегенін көрсетеді.

| Кірістілік   | 21.09.2026 | 14.09.2026 | Өзгеріс |
|--------------|------------|------------|---------|
| UST 10Y      | 5,00%      | 4,97%      | +3 б.т. |
| UST 30Y      | 5,33%      | 5,36%      | -3 б.т. |
| UK Gilts 10Y | 5,29%      | 5,34%      | -5 б.т. |
| Germany 10Y  | 3,52%      | 3,50%      | +2 б.т. |
| China 10Y    | 1,66%      | 1,69%      | -3 б.т. |

## ФРЖ және АҚШ экономикасы

ФРЖ 2023 жылдан бері алғаш рет мөлшерлеменің нысаналы диапазонын 25 б.т., 3,75-4,00%-ға дейін көтерді. Шешім бірауыздан қабылданды. FOMC болжамына сай 18 қатысушының 16-сы 2026 жылдың соңына дейін мөлшерлемені кемінде 25 б.т. көтеруді күтеді. Бұл әсіресе энергия бағасының өсуі аясында мөлшерлемелердің ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейде сақталу сценарийін күшейтті.

Бұл ретте экономикалық деректер тұрақты болып қалуда. Тамыз айында бөлшек сауда көлемі 1,2%-ға өсті, ал импорттық бағалар айлық есеппен 0,7%-ға өсті. Ішкі сұраныстың жоғары болуы экономиканың неғұрлым қатаң қаржылық жағдайларға төтеп беруіне мүмкіндік береді, бірақ сонымен бірге ФРЖ-ның ағша-кредит саясатын тез жұмсарту мүмкіндігін шектейді.

## Шикізат тауарлары валюталар

Brent маркалы мұнайдың бағасы бір аптада 27,92%-ға өсіп, барреліне \$137,62 дейін жетті, ал жыл басынан бері өсім 123,85%-ды құрады. Мұнай бағасының күрт өсуі энергия факторын қайтадан инфляциялық тәуекелдің негізгі көздерінің біріне айналдырды. Алтынның бағасы 0,68%-ға өсіп, унциясына \$4 378 жетті, ал күміс 2,75%-ға өсіп, \$66,26 құрады.

ФРЖ мөлшерлемені көтергеннен кейін доллар индексі DXY 1,11%-ға өсіп, 100,22-ні құрады. EUR/USD бағамы 1,15-ке дейін – 0,99% төмендеді, USD/JPY бағамы 156,86-ға дейін – 2,16% -ға өсті. Бұл ретте USD/KZT бағамы 0,85%-ға төмендеп, 446,78 теңге болды, яғни АҚШ валютасының жалпы нығайғанына қарамастан, теңге долларға қатысты нығайды.

## Аймақтық көрініс

Еуропада Euro Stoxx 50 индексі 1,41% -ға төмендеді, ал FTSE 100 0,08%-ға өсті. Еуроаймақтағы инфляция тамыз айында 3,2%-ға дейін жеделдеді, базалық инфляция 2,4%-ды құрады. Ұлыбританияда Англия Банкі мөлшерлемені 3,75% деңгейінде сақтап қалды: шешім 6 дауыс «жақтап», 3 дауыс «қарсы» дауыс беру арқылы қабылданды, бұл ретте комитет мүшелерінің бір бөлігі мөлшерлемені дереу көтеруді жақтады.

Жапонияда Жапония Банкі мөлшерлемені 25 б.т. – 1,25%-ға дейін көтерді. Бұл – 30 жылдан астам уақыттағы ең жоғары көрсеткіш. Nikkei 225 1,57%-ға өсті, ал иена долларға қарағанда әлсіреді. Қытайда CSI 300 индексі бір аптада іс жүзінде өзгерген жоқ, ал бөлшек сауда мен кредит беру бойынша әлсіз деректер ішкі сұраныстың қалпына келуінің біркелкі еместігін көрсетуді жалғастырды.

# Апта тақырыбы: мөлшерлемелерді көтеру және ЖИ-ға салынатын инвестицияны қаржыландыру

ФРЖ мөлшерлемесінің көтерілуі қаржыландырудың құны жоғарылаған кезде жасанды интеллектке бағытталған күрделі шығынның қазіргі циклі қаншалықты тұрақты деген мәселені күшейтеді. Ақша ағыны тұрақты және борыш жүктемесі төмен компанияларға әсері шектеулі болуға тиіс: ірі технологиялық компаниялардың пайыздық төлемдерді өтеу бойынша жеткілікті қоры бар, тіпті қарыз алу құны қымбаттаған кезде де инвестицияларды жалғастыра алады.

Ақша ағыны әлсіз компаниялар, сондай-ақ орташа және шағын капиталдандыру сегменттері неғұрлым сезімтал күйінде қалып отыр, өйткені пайыздық шығынның өсуі олардың маржасы мен инвестициялық мүмкіндіктеріне жылдамырақ әсер етеді. Сондықтан ақша-кредит саясатын қатаңдату ЖИ-ге инвестициялар циклін міндетті түрде тоқтатпай, ірі технологиялық компаниялар мен нарықтың қалған бөлігі арасындағы алшақтықты күшейтуі мүмкін.

## Алдағы апта

Алдын ала іскерлік белсенділік индекстері (PMI): жоғары мөлшерлемелер мен энергия бағасының қымбаттауы аясында өнеркәсіп пен қызмет көрсету саласының жай-күйі туралы негізгі сигнал.

АҚШ-тың тұрғын үй нарығы және жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға берілген алғашқы өтінімдер бойынша деректер: қарыз алу құнының өсуіне экономиканың сезімталдығын бағалау үшін маңызды.

Ұзақ мерзімде пайдаланылатын тауарларға берілген тапсырыстар және Мичиган университетінің тұтынушылық көңіл күй индексі: ФРЖ мөлшерлемесі кезекті рет көтергеннен кейін сұраныстың тұрақтылығы сақталып отырғанын көрсетеді.

## Қорытынды

Апта 2023 жылдан бері алғаш рет ФРЖ мөлшерлемесінің көтерілуімен, Жапония Банкінің ақша-кредит саясатын қатаңдатуымен және мұнай бағасының күрт өсуімен аяқталды. Осыған қарамастан, америкалық нарық тұтастай алғанда технологиялық компаниялардың салыстырмалы тұрақтылығының арқасында өткен аптаның деңгейіне жақын қалды.

Таяу болшақта қымбат энергия мен жоғары пайыздық мөлшерлемелердің үйлесімі негізгі тәуекел болып қалып отыр. Егер экономика тұрақты сұранысты көрсетуді жалғастырса, орталық банктер қатаң ақша-кредит саясатын ұзағырақ сақтай алады. Мұндай ортада балансы мықты, ақша ағыны тұрақты және қарыз капиталының құнына сезімталдығы төмен компаниялардың ұстанымы қолайлырақ болады.

Шолуды дайындаған: Әнуарбеков Алдияр

«BCC Invest» АҚ – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы



<https://www.bcc-invest.kz>



<https://www.instagram.com/bcc.invest>



[https://t.me/bcc\\_invest](https://t.me/bcc_invest)



*Бұл материал тек ақпарат беру мақсатында таратылады. Осы материалды тарату инвестициялық кеңес беру қызметі емес. Осы материалда келтірілген ақпарат жеке инвестициялық ұсыным емес.*

*Осы материалды алушы шешім қабылдау үшін ұсынылған ақпаратқа ғана сүйенбеуге тиіс. Есептеулерді, тарихи деректерді және осы материалда қамтылуы мүмкін өзге де ақпаратты BCC Invest қызметкерлері жария дереккөздерден алынған ақпарат пен деректердің негізінде дайындады. BCC Invest мұндай ақпараттың толықтығын, дәлдігін және анықтығын тексермейді және тексеруге міндетті емес.*

*BCC Invest ұсынатын кез келген ақпаратты клиент тек өз қалауымен пайдаланады және тәуекелін өзі көтереді. BCC Invest ұсынатын ақпарат қандай да бір бағалы қағазды сатып алу туралы ұсыныс және/немесе сату бойынша міндеттеме емес, мәміле жасасуға итермелемейді және инвестициялық, салық және заң мәселелері бойынша, оның ішінде жасалатын мәміленің клиенттің нақты мақсаттарына сәйкестігі туралы мәселе бойынша ақпарат алушыға ұсыным емес.*

*BCC Invest олар туралы ақпаратты ұсынатын бағалы қағаздармен, оның ішінде шетелдік бағалы қағаздармен, валютамен, базалық активтердің алуан түрлі туынды қаржы құралдарымен (бұдан әрі – «Қаржы құралдары») операция жүргізбес бұрын, осы ақпаратты алушылар аталған қаржы құралдарын сипаттайтын құжаттармен (эмиссия проспектісі және т.б.) танысуы қажет және қаржы құралдарымен мәміле жасасқанға дейін өзінің қаржы, заң, салық, бухгалтерлік есеп мәселелері жөніндегі кеңесшілерінен және өзге де кеңесшілерінен жан-жақты кеңес алуға тиіс.*

*Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу белгілі бір тәуекелмен ұштасып жатыр, ол үшін жауапкершілік BCC Invest-ке жүктелуі мүмкін емес, өйткені олар тараптардың қисынды бақылауынан тыс және олардың осындай тәуекел салдарын болжау және алдын алу мүмкіндіктері шектеулі немесе мүмкін емес.*

*Клиент қаржы құралдарымен мәмілелер жасау мүмкіндігін өз бетінше бағалауға тиіс. Клиент, егер оның экономикалық және заңды мәні, құжаттамасы, шарттары мен онымен байланысты тәуекелдер түсініксіз болып қалса немесе ақпарат алушының мақсатына, ниетіне және күткен үмітіне сәйкес келмесе, мәміле жасаспауға тиіс.*

*Қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу елеулі қаржылық және өзге де тәуекелді тудыруы мүмкін. Осы себептен бұл мәмілелер өзіне тиісті тәуекелді қабылдауға дайын және онымен байланысты ықтимал қаржылық шығынды көтере алатын адамдарға арналған. Кез келген мәмілені жасамас бұрын клиент тиісті мәмілені жасасуға байланысты туындайтын тәуекелді түсінетініне және кез келген оқиға өрбіген кезде өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаржылық және өзге де ресурстары бар екеніне көз жеткізуі қажет.*

*Қаржы нарығында операция жүргізу туралы шешім қабылдаған кезде, қаржы құралдарына инвестициялау күтілетін кірісті алмау, инвестицияланған қаражаттың бір бөлігін, тіпті барлығын жоғалту, ықтимал шығыс пен шығын тәуекелін көтеретінін ескерген жөн.*

*Болжамды оң кірістілік туралы ақпарат тек болжам ретінде ғана бағалануы мүмкін. Инвестициялық қызметтің бұрынғы нәтижесі болашақтағы нәтижені айқындамайды, ал активтердің құны көтерілуі де, түсуі де мүмкін. Шетел валютасын айырбастау бағамының өзгеруі инвестиция құнының азаюына немесе ұлғаюына әкелуі мүмкін. BCC Invest ақпаратты пайдалану негізінде клиент алуы мүмкін қаржылық нәтижеге қатысты кепілдік бермейді немесе оны растамайды және қандай да бір жауапкершілікті өз мойнына алмайды.*

*Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі. Бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға берілген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензия.*